



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ»  
NJSC «KAZAKH NATIONAL WOMEN'S TEACHER TRAINING  
UNIVERSITY»

**КЕЛІСІЛДІ/ СОГЛАСОВАНО/ AGREED**

Алматы қ. Білім басқармасымен/  
с Управлением образования г. Алматы/  
with the Department of Education of Almaty  
Білім басқармасының басшысы/  
Руководитель Управления образования/  
Head of Education Department

  
Е. Жылкыбаева/  
E. Zhylkybayeva



**БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНО/ APPROVED**

Директорлар кеңесінің шешімімен /  
Решением Совета директоров /  
By the decision of the Board of Directors

Хаттама / Протокол / Protocol № 3  
«16» 06 2023 ж./г.









**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА  
EDUCATIONAL PROGRAMME**





**6B01512-ГЕОГРАФИЯ-БИОЛОГИЯ  
6B01512-ГЕОГРАФИЯ-БИОЛОГИЯ  
6B01512- GEOGRAPHY-BIOLOGY**

**БАКАЛАВРИАТ  
BACHELOR'S DEGREE**

Алматы/ Almaty, 2023


БББ әзірленді/ ОП разработана/ The EP is developed:

1	<p>Жұмыс тобының жетекшісі/ Руководитель рабочей группы/ Head of the working group</p>	  	<p><b>Тулегенов Ердаулет Аскарбекович</b> - PhD, қауым.профессор м.а., География кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, 87025709990, <a href="mailto:er-daulet_kz@mail.ru">er-daulet_kz@mail.ru</a></p> <p><b>Тулегенов Ердаулет Аскарбекович</b> - PhD, и.о. ассоц профессора, программный лидер кафедрой Географии, 87025709990, <a href="mailto:er-daulet_kz@mail.ru">er-daulet_kz@mail.ru</a></p> <p><b>Tulegenov Yerdaulet</b> - PhD, acting assoc professor, Leader of Programme Department of Geography, 87025709990, <a href="mailto:er-daulet_kz@mail.ru">er-daulet_kz@mail.ru</a></p> <p><b>Калекешов Аскар Маралович</b> – б.ғ.к., Биология кафедрасының бағдарлама көшбасшысы 87783162050 <a href="mailto:akan.maralov@mail.ru">akan.maralov@mail.ru</a>.</p> <p><b>Калекешов Аскар Маралович</b> – к.б.н, программный лидер кафедры Биологии 87783162050 <a href="mailto:akan.maralov@mail.ru">akan.maralov@mail.ru</a>).</p> <p><b>Kalekeshov Askar</b> - Candidate of Biological Sciences, Leader of Programme Department of biology 87783162050, <a href="mailto:akan.maralov@gmail.com">akan.maralov@gmail.com</a></p>
2	<p>Әзірлеушілер/ Разработчики/ Developers</p>	  	<p><b>Токсабаева Макпал Ербосыновна</b> – география магистрі, география кафедрасының аға оқытушысы, 87078053801, <a href="mailto:makpal25071986@gmail.com">makpal25071986@gmail.com</a>;</p> <p><b>Токсабаева Макпал Ербосыновна</b> – магистр географии, старший преподаватель кафедры географии, 87078053801, <a href="mailto:makpal25071986@gmail.com">makpal25071986@gmail.com</a>;</p> <p><b>Toksabayeva Makpal</b> - master of geography, Senior Lecturer, Department of Geography, 87078053801, <a href="mailto:makpal25071986@gmail.com">makpal25071986@gmail.com</a>;</p> <p><b>Кулбекова Айман Абдижапбаровна</b> –биология магистрі, аға оқытушы, 87071280988, <a href="mailto:kulbekova.aiman@gmail.com">kulbekova.aiman@gmail.com</a> )</p> <p><b>Кулбекова Айман Абдижапбаровна</b> - магистр биологии, старший преподаватель, 87071280988, <a href="mailto:kulbekova.aiman@gmail.com">kulbekova.aiman@gmail.com</a> )</p> <p><b>Kulbekova Aiman</b> - Master of pedagogical sciences in biology, Senior Lecturer of the Department of Biology, 8 707 1280988, <a href="mailto:kulbekova.aiman@gmail.com">kulbekova.aiman@gmail.com</a></p>
3	<p>Студент кеңесшілер/ Студенты-консультанты/ Student consultants</p>	  	<p><b>Машырхан Жібек Бахытқызы</b> - 6B01512-География-Биология БББ, 2 курс студенті, 87476289369, <a href="mailto:mashyrkhan04@gmail.com">mashyrkhan04@gmail.com</a>;</p> <p><b>Машырхан Жібек Бахытқызы</b> - ОП 6B01512-География-Биология, студент 2 курса, 87476289369, <a href="mailto:mashyrkhan04@gmail.com">mashyrkhan04@gmail.com</a>;</p> <p><b>Mashyrkhan Zhibek</b>- 2th year student of the education programme 6B01512- Geography-Biology, 87476289369, <a href="mailto:mashyrkhan04@gmail.com">mashyrkhan04@gmail.com</a></p> <p><b>Копжасарова Гулзира Мұратбекқызы</b> -6B01512-География-Биология БББ, 2 курс студенті, 8777308 4778, <a href="mailto:gulzirakopjasarova2@gmail.com">gulzirakopjasarova2@gmail.com</a>;</p>


			<p><b>Копжасарова Гулзира Мұратбекқызы</b> - ОП 6B01512-География-Биология, студент 2 курса, 87773084778, <a href="mailto:gulzirakopjasarova2@gmail.com">gulzirakopjasarova2@gmail.com</a>;</p> <p><b>Kopjasarova Gulzira</b> - 2th year student of the education programme 6B01512- Geography-Biology, 87773084778, <a href="mailto:gulzirakopjasarova2@gmail.com">gulzirakopjasarova2@gmail.com</a></p>
4	Сарапшылар/ Эксперты / Experts		<p><b>Биримкулова Баян Аскербековна</b>- ЖШС Алматы қаласы Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің география пәнінің мұғалімі, 87012160068, <a href="mailto:bajanalmnis@gmail.com">bajanalmnis@gmail.com</a></p> <p><b>Биримкулова Баян Аскербековна</b> -ТОО учитель географии школы имени Шокана Уалиханова г. Алматы, 87012160068, <a href="mailto:bajanalmnis@gmail.com">bajanalmnis@gmail.com</a></p> <p><b>Birimkulova Bayan</b> – Almaty, teacher of geography Private school named after Shokan Ualikhanov, 87012160068, <a href="mailto:bajanalmnis@gmail.com">bajanalmnis@gmail.com</a></p>
			<p><b>Чимирбаева Сағымкуль Кемаловна</b>- Алматы қаласы № 96 жалпы білім беретін мектебінің биология пәнінің мұғалімі, 87782109343, <a href="mailto:sagymkul1972@mail.ru">sagymkul1972@mail.ru</a></p> <p><b>Чимирбаева Сағымкуль Кемаловна</b>- Учитель биологии общеобразовательной школы № 96 города Алматы, 87782109343, <a href="mailto:sagymkul1972@mail.ru">sagymkul1972@mail.ru</a></p> <p><b>Shimirbaeva Sagumgul</b>- Almaty, - Biology teacher of secondary school No. 96, 87782109343, <a href="mailto:sagymkul1972@mail.ru">sagymkul1972@mail.ru</a></p>
5	Жұмыс берушілер/ Работодатели/ Employers		<p><b>Даулетбак Гаухар Даулетбақызы</b>- Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназия директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Алматы қ, 87074182458, <a href="mailto:dauletbak83@mail.ru">dauletbak83@mail.ru</a></p> <p><b>Даулетбак Гаухар Даулетбақызы</b>- заместитель директора по учебно-воспитательной работе гимназии №62 им. Ш. Смаханулы, г. Алматы, 87074182458, <a href="mailto:dauletbak83@mail.ru">dauletbak83@mail.ru</a></p> <p><b>Dauletbak Gauhar</b> - Almaty, Deputy Director for educational work of gymnasium No. 62 named after sh. Smakhanuly, 87074182458, <a href="mailto:Dauletbak83@mail.ru">Dauletbak83@mail.ru</a></p>
			<p><b>Қасымова Айжан Тойбекқызы</b> - №59 мектеп-гимназияның директоры, Алматы қ</p> <p><b>Қасымова Айжан Тойбекқызы</b> - директор школы-гимназии № 59, г. Алматы, 87753037570, <a href="mailto:ajzhan.kasymova@bk.ru">ajzhan.kasymova@bk.ru</a></p> <p><b>Kasimova Aizhan</b>- Almaty, No. 59 mектеп-gymnasium directors. 87753037570, <a href="mailto:ajzhan.kasymova@bk.ru">ajzhan.kasymova@bk.ru</a></p>

Білім беру бағдарламасы талқыланды және бекітуге ұсынылды/  
Образовательная программа рассмотрена и рекомендована к утверждению на заседаниях/  
The educational program was considered and recommended for approval at meetings:


Университеттің Ғылыми Кеңесі/ Ученого Совета Университета/ Academic Council of University  
Хаттама / Протокол / Protocol № 8 «04» 05 2023 ж./г.

Ғылыми Кеңес төрағасы (Басқарма Төрағасы - Ректор) /  
Председатель Ученого совета (Председатель Правления-Ректор) /  
Chairman of the Academic Council  
(The Chair of the Managing Board-Rector)  Г. Қанай / Qanay G.


Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі/ Учебно-методического совета университета/  
Educational and Methodical Council of the University  
Хаттама/ Протокол/ Protocol № 4 «28» 04 2023 ж./г.

ОӘК төрағасы / Председатель УМС / Chairman of the EMC /  
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор (Басқарма мүшесі)/  
Проректор по академическим вопросам (Член Правления)/  
Vice-Rector for Academic Affairs  
(Member of the Managing Board)  Е. Жуманкулова / Zhumankulova E.

Жаратылыстану институтының әдістемелік бюросы/ Методическое бюро института  
естествознания / Methodological Bureau of the Institute of Natural Science  
Хаттама/ Протокол/ Protocol № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж./г.

ИӘБ төрағасы/  
Председатель МБИ/  З.Аргынбаева/  
Chairman of the MBI Z.Arginbaeueva

География кафедрасы/ Кафедра Географии / Departments of Geography  
Хаттама/ Протокол/ Protocol № 7 «30» 03 2023 ж./г.

Бағдарлама көшбасшысы /  
Программный лидер /  Е.Тулегенов/  
Program leader E. Tulegenov



## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** География мен биологияны оқыту саласында педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімі мен инновациялық әдістеріне ие кәсіби кадрларды даярлау.

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	6B01512-География-Биология
<b>Білім беру саласы</b>	6B01 - Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	B014 -География пәні мұғалімдерін даярлау
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Білім беру бағдарламасы 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен 04.08.2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
<b>БББ Тізіміндегі № және тіркеу/жаңарту күні</b>	№ _____, « » « » 2023 ж.
<b>ҰБТ пәндері</b>	1 пән. География 2 пән. Дүние жүзі тарихы
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Бакалавриат, деңгей 6
<b>Берілетін дәреже</b>	6B01512 –География-Биология білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	-
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	-
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	240
<b>Оқу мерзімі</b>	4 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

**Бағдары:** Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:** Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:** Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

**Құндылықтары:** Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.



### Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

БВ01512 - География -Биология білім беру бағдарламасы білім алушыларды тұлғалық және әлеуметтік жағынан дамытуға, білім беру үрдісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ, білім беру үрдісінің әлеуметтік салаларын үйлестіруге бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыру және Отансүйгіштік, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, әртүрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиеленуін қамтамасыз етеді.

Әлемдегі жаһандану процесінің күшеюі кезеңінде қазіргі география- жер туралы білімді тоғыстырушы жеке дара ғылым ретінде жаратылыстану - ғылыми, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және технологиялық ақпараттарды түйістіруді қамтамасыз етеді.

БВ01512 - География -Биология білім беру бағдарламасы – География және биология бойынша білім беру саласындағы міндеттерді тұжырымдауға және ұқыпты шеше білуге, педагогикалық қызмет шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдана білуі, зерттеушілік қызметін табысты іске асыра алуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы дайындық бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді және білім алушылардың дайындық сапасын және тиісті білім беру технологиясын іске асыруды айқындайтын материалдарды қамтиды.

**Нарықтағы сұранысы.** Орта білім беру сапасын арттыруда кадрлардың кәсіби дайындығына байланысты жоғары білікті педагогтар маңызды рөл атқарады. Елімізде жыл сайын педагогтар саны артып келеді.

**География пәні бойынша:** Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде **285 996** мұғалімдер жұмыс істейді, оның ішінде география пәні мұғалімдерінің жалпы саны **-9 040**.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде магистр дәрежесі бар мұғалімдердің жалпы саны **-5 029**, оның ішінде **236**-і география пәні мұғалімдері.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің мұғалім кадрларының қажеттілігі - жалпы саны **-5 2676**, оның ішінде география пәні бойынша- **133**, (Ақмола - 20, Ақтөбе / - 2, Алматы - 9, Атырау – 2, БҚО – 6, Жамбыл - 5, Қарағанды - 35, Қостанай -0, Қызылорда / -0, Маңғыстау- 9, Павлодар – 5, СҚО - 18, Түркістан - 4, ШҚО -2, Астана қ. -4, Алматы қ -2, Шымкент қ -2.

**Биология пәні бойынша:** Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде **285 996** мұғалімдер жұмыс істейді, оның ішінде биология пәні мұғалімдерінің жалпы саны **-9 651**.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде магистр дәрежесі бар мұғалімдердің жалпы саны **-5 029**, оның ішінде **293**-і биология пәні мұғалімдері.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің мұғалім кадрларының қажеттілігі - жалпы саны **-5 2676**, оның ішінде биология пәні бойынша- **136** (Ақмола - 5, Ақтөбе - 2, Алматы



- 0, Атырау - 0, БҚО - 60, Жамбыл - 2, Қарағанды - 9, Қостанай -0, Қызылорда -11, Маңғыстау - 7, Павлодар - 1, СҚО - 2, Түркістан - 1, ШҚО -1, Астана қ -2, Алматы қ -0, Шымкент қ -0)

(Дереккөз: *ҰБДҚ деректері*: «АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ, «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ СТАТИСТИКАСЫ» Ұлттық жинақ).

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Нииде университеті (Турция, Нийде қаласы)
----------------------	--

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

**Мейнүт Университеті.** 1 курста 15 кредит география, биология пәндерін, 2 курста 20 кредит география пәні, 20 кредит биология пәнін, 3 курста 25 кредит география пәнін, 25 кредит биология пәнін оқиды; 4 курста 5 кредитпен география биология пәндерінен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізеді.

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

- жалпы білім беру ұйымдары (жалпы білім беретін орта мектептер, гимназиялар, лицейлер, педагогикалық колледждер, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары, білім бөлімдері, ғылыми-өндірістік мекемелер, ЖОО, білім беру орталықтары)

#### 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

##### **1 кәсіби құзыреттілік саласы**

География бойынша білім беру саласындағы озық педагогикалы және географиялық тәжірибелерді зерделеп, меңгереді. Заманауи эксперименттік, ақпараттық техникалық құралдар, географияны оқыту технологиялары мен жолдарын өз бетінше меңгереді. Географиялық эксперименттік тәжірибелерді сауатты кәсіптік деңгейде жүргізе біледі. Географиялық ғылымының әлеуметтік және экономимикалық дамуындағы рөлін бағалайды. Білім алушының өзін-өзі дамуын, тәжірибелік дағдыларды қаншалықты игергенін және географиядан алған білімдерін бағалайды. Кәсіби қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды меңгереді. Географиядан алған білімін қолдана отырып, кәсіби бағытта пәннің мазмұнын жеткізеді. Географияны оқыту әдістемесінен дәріс беріп, талқылауды ұйымдастыра біледі және пәндік саланы терең игере отырып, өз қабілеті мен мүддесі бағалайды, оны қоғам сұранысымен үйлестіре алады, заманауи зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады.

##### **2 кәсіби құзыреттілік саласы**

Күнделікті өмірдің әртүрлі жағдайларында географиялық білімдерін, географияны оқыту әдістерін және практикалық іс-әрекет тәсілдерін қолдана білуге қабілетті. Табиғи және техногендік құбылыстар мен процестерді түсініп сараптау үшін жалпы және теориялық географиядан алған білімдерін қолданады. Географияның өзекті мәселелері мен ғаламдық өзекті мәселелерді байланыстыра орындайды. Географиядан картамен жұмыс жасау жобалар жасап зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесін талдап жасап, қорытынды шығарады. - Білімін және дағдыларын тәжірибе жүзінде қолданады. Өзінің көзқарасын идеяларға жүгіну негізінде дәлелдейді. Өзіндік тұжырым қалыптастыру үшін әртүрлі көзқарастарды мақсатты түрде зерттейді. АКТ құралдарын өзінің кәсіби іс-әрекетіне сәйкес дәлдікпен басқарады. АКТ



құралдарын қолдануда ұқыптылық қатынаста болуды түсінеді және көрсетеді. Кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылады. Бағдарлама түлегі қолданбалы биология бойынша кәсіби дағдыларға ие болады. Оқушыларды халықаралық олимпиадаға және ғылыми қызметке дайындау үшін жеткілікті биологиялық білімге ие болады.

### **3 кәсіби құзыреттілік саласы**

Өз уақытын тиімді ұйымдастырады, пайдаланады. Өзінің әрекетінде жауапкершілікті сезінеді, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтайды, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік танытады. Командада өз ойын нақты жеткізеді, жаңа шешімдерді нәтижеге сәйкес ұсынады. Топта жұмыс істеуге қабілетті, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра біледі, қақтығыстарды шешуде өз көзқарасы мен идеалдарын жақтауда жоғары сенім көрсетеді. Қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды түсіндіреді. Кәсіптік қызметінде дәлдікпен қолданады.

#### **1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН 2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** - География ғылымының тарихын, теориялық негіздерін, негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, Жер шарына тән заңдылықтарды, табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін біледі, болжайды, анықтайды, салыстырады, физикалық-географиялық жағдайды, табиғат компоненттерінің өзара байланыстарын түсінеді, сипаттайды, табиғи аумақтық кешендерді және олардың орналасу ерекшеліктерін ажыратады, географиялық нысандар мен рекреациялық орындарды анықтайды.

**ОН 5** - Экономикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рекреациялық қызметтің сапасын салыстырады, бағалайды, геэкономиканың категорияларын, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі, жіктейді, елдер мен аймақтардың географиялық кеңістіктегі рөлін анықтайды, геээкономикалық жағдайды талқылайды, бағалайды.

**ОН 6** - Саяси географияның мәнін, негізгі түрлерін, қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын біледі, сыртқы және ішкі геосаясатты, әкімшілік-аумақтық бөлінуі мен аймақтық саясатын, саяси идеяларды талқылайды. Қалалық агломерацияларды салыстырады, қалалық дамудың стратегиялық бағыттарын, қоршаған орта экологиясының мәселелерін талқылайды, талдайды, тұрақтылығын болжайды.

**ОН 7** - Географиялық карталар мен пландарды жасайды, талдайды, картографиялық-геодезиялық өлшеу және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Географиялық ұғымдар мен терминдерді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды, географияның оқыту құралдарын, топографиялық құралдарды, геодезиялық аспаптарды, геоақпараттық технологияларды, географиялық зерттеу әдістерін біледі, жіктейді, қолданады.

**ОН 8** - Өсімдіктер, жануарлар мен микроорганизмдердің қоршаған ортаға таралуы, жүйеленуі, эволюциясы және филогенетикалық байланысының принциптерін оқыту үдерісінде қолданады.





**ОН 9** - Молекулалық биология, биотехнология, және микробиологиялық зерттеу әдістерін меңгереді, ғылыми жобаларда қолданады.

**ОН 10** - Адам ағзасының негізгі құрылымын, тарихи дамуын, жас ерекшеліктерін және оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін талдайды

**ОН 11** - Қазіргі заманғы биология ғылымы саласындағы білімдерді меңгереді, жоғары кәсіби оқытушылардың тәжірибесін зерттейді, жинақтайды, қолданады және таратады

**ОН 12** - Географияны мен биологияны оқытудың инновациялық әдістерін және практикалық іс-әрекет тәсілдерін, критериалды бағалау жүйесін қолдана білуге қабілетті. Педагогикалық және географиялық, биологиялық тәжірибелерді меңгереді, зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады.

### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1	+	+	+		+				+		+	+
ТА 2	+			+			+		+		+	+
ТА 3	+	+				+	+	+	+		+	+
ТА 4				+			+	+	+		+	+
ТА 5	+	+	+			+			+		+	+
ТА 6	+	+	+				+	+			+	+

#### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

**Білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді:**

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 бұйрығы.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль коды мен атауы	Кредитте рдің	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредит	Цикл/ компонент
1	GES -1 Жалпы білім беретін пәндер	36	1	GES 101 Қазақстан тарихы	5	ЖБП/ МК
			2	GES 102 Философия	5	ЖБП/ МК
			3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	ЖБП/ МК
			4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру	8	ЖБП/ МК



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

			5	<b>GES 205</b> Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	ЖБП/ МК
			6	<b>GES 106/1</b> Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері <b>GES 106/2</b> Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері <b>GES 106/3</b> Экономика және кәсіпкерлік негіздері <b>GES 106/4</b> Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу <b>GES 106/5</b> Эмоционалды интеллект <b>GES 106/6</b> Математикалық статистика негіздері	5	ЖБП/ ТК
2	<b>GLC -2</b> Тілдік коммуникация	25	1	<b>GLC 101</b> Қазақ (Орыс) тілі	10	ЖБП/ МК
			2	<b>GLC 102</b> Шетел тілі	10	ЖБП/ МК
			3	<b>GLC 203</b> Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	5	БП/ЖК
3	<b>GER – 3</b> Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер	22	1	<b>GER 201</b> Инклюзивті білім беру	6	БП/ ЖК
			2	<b>GER 402/1</b> Педагогикалық зерттеулер негіздері	6 4	БП/ ЖК
			3	<b>GER 303</b> Кәсіби этика және сәйкестік	6	Бейіндеуші пән / ЖК
4	<b>GPS – 4</b> Жалпы педагогикалық пәндер	19	1	<b>GPS 201</b> Педагогикалық психология	6	БП/ ЖК
			2	<b>GPS 202</b> Педагогика және дидактика	6	БП/ ЖК
			3	<b>GPS 303</b> Критериалды бағалау технологиясы	5	БП/ ЖК
			4	<b>СТ(Д)Р 104</b> Үздіксіз оқу (танысу) практика	1	БП/ ЖК
			5	<b>С(РР)Р 205</b> Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика	1	БП/ ЖК
5	<b>FGS – 5</b> Физикалық география пәндер	38	1	<b>FGS 101</b> Жаратылыстану және жертану	6	БП/ ЖК
			2	<b>FGS 202/1</b> Картография <b>FGS 202/2</b> Қазақстанның киелі жерлер географиясы	5	БП/ ТК
			3	<b>FGS 203/1</b> Геология және геоморфология <b>FGS 203/2</b> Топография геодезия негіздерімен	5	БП/ ТК
			4	<b>FGS 204/1</b> Гидрология, климатология және метеорология <b>FGS 204/2</b> Геоэкология және табиғатты қорғау	5	БП/ ТК
			5	<b>FGS 305</b> Әлемнің физикалық-географиялық аймақтары	5	БП/ ЖК
			6	<b>FGS 306</b> Қазақстанның физикалық географиялық аймақтары	5	Бейіндеуші пән / ЖК



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

			7	<b>FGS 407/1</b> Геоинформатика <b>FGS 407/2</b> Топонимика	5	Бейіндеуші пән / ТК
			8	<b>FGS 108</b> Оқу - дала практикасы	1	БП/ ЖК
			9	<b>FGS 209</b> Оқу - дала практикасы	1	БП/ ЖК
6	<b>EGS – 6</b> Экономикалық география пәндер	16	1	<b>EGS 301</b> Әлемнің экономикалық географиясы	6	БП/ ЖК
			2	<b>EGS 302/1</b> Қазақстанның экономикалық географиясы <b>EGS 302/2</b> Қолданбалы география	5	Бейіндеуші пән / ТК
			3	<b>EGS 403/1</b> Географиялық зерттеу әдістері <b>EGS 403/2</b> Рекреациялық география	5	БП/ ТК
7	<b>ВРА-7</b> Өсімдіктер мен жануарлардың биоалуантүрлілігі	27	1	<b>ВРА 101</b> Ботаника	5	БП/ ЖК
			2	<b>ВРА 202/1</b> Зоология	6	БП/ ТК
				<b>ВРА 202/2</b> Энтомология		
			3	<b>ВРА 203/1</b> Экофизиология	5	БП/ ТК
				<b>ВРА 203/2</b> Қоршаған орта туралы ілім		
			4	<b>ВРА 304/1</b> Цитология, гистология және эмбриология	6	Бейіндеуші пән / ТК
<b>ВРА 304/2</b> Клеткалық патология						
5	<b>ВРА 405/1</b> Эволюциялық ілім <b>ВРА 405/2</b> Антропология	5	Бейіндеуші пән / ТК			
8	<b>SHD-8</b> Тірі организмдердің құрылымы, тұқым қуалаушылығы және дамуы	15	1	<b>SHD 301/1</b> Адам анатомиясы	6	БП/ ТК
				<b>SHD 301/2</b> Жеке даму биологиясы		
			2	<b>SHD 402/1</b> Генетика және молекулалық биология негіздері	4	БП/ ТК
				<b>SHD 402/2</b> Өсімдіктер мен жануарлар селекциясы		
			3	<b>SHD 403/1</b> Биохимия	5	БП/ ТК
<b>SHD 403/2</b> Энзимология негіздері						
9	<b>ТМР – 9</b> Оқыту әдістемесі мен кәсіби қызметтің педагогикалық негіздері	34	1	<b>ТМР 301</b> Географияны оқыту әдістемесі	5	Бейіндеуші пән / ЖК
			2	<b>ТМР 302</b> Биологияны оқыту әдістемесі	5	Бейіндеуші пән / ЖК
			3	<b>РР 303</b> Педагогикалық практика	6	БП/ ЖК
			4	<b>Р(Р)Р 404</b> Өндірістік (педагогикалық) практика	16	Бейіндеуші пән / ЖК
			5	<b>Р(Р)Р 405</b> Дипломалды (педагогикалық) практика	2	Бейіндеуші пән / ЖК
		8	1	<b>WDDP(Р)PCE 401</b> Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	8	ҚА
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>240</b>			<b>240</b>	



## 2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

<b>GES-1 Жалпы білім беретін пәндер</b>							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GES 101</b> Қазақстан тарихы	ЖБП/ МК	5	Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбуон әдістері; қонақ дәрістер; Топтық жұмыс; Менталды карта әдісі	ОН 2	Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан
2	<b>GES 102</b> Философия	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру болып табылады. Философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды.	Рольдік ойындар, іскерлік ойындар, жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл	ОН 2; ОН 3	Тест; эссе талқылау



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

3	<b>GES 103</b> Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.	Кейстер; презентациялар, диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді әдістер	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест; кейс талдау; презентация қорғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау
4	<b>GES 1(2)04</b> Дене шынықтыру	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты-денсаулық сақтау технологиялары арқылы студенттердің қозғалыс мәдениеті мен қасиеттерін тәрбиелеу. Студенттер әртүрлі спорт түрлері арқылы физикалық, психофизикалық және жеке қасиеттерін, өзін-өзі диагностикалау, ұжымдық жұмыс жасау, салауатты өмір салтына ынтасын арттыру және кәсіби қызметке дайындау дағдыларын дамытады.	демонстрациялық әдіс; тәжірибеге бағытталған әдіс; тренинг	ОН 1; ОН 2	бақылау нормативтері; дифф.сынақ
5	<b>GES 205</b> Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады.	Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық (пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс-стади	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест, жоба



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

6	<b>GES 106</b> Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	ЖБП/ ТК	5	Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; конак дәрістер	ОН 1; ОН 3	Эсселер; презентациялар; жазбаша емтихан
	<b>GES 106</b> Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері			Пән студенттердің заманауи экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастырады, өмір қауіпсіздігі үшін техникалық құралдар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін арттыру әдістерін қолдану дағдыларын дамытады. Пән әртүрлі деңгейдегі ұйымның экожүйелері қызметінің, тұтастай биосфераның негізгі заңдылықтарын, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасында туындайтын қайшылықтарды, сондай-ақ табиғат пен экологияға ұқыпты қарау қажеттігін айқындайды	Кейс, фишбоун, Т кестесі, "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі	ОН 1; ОН 2; ОН 4	Ауызша сауалнама. Эссе. Емтихан (жазбаша, тест)
	<b>GES 106</b> Экономика және кәсіпкерлік негіздері			Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; гостевые лекции; жоба әдісі	ОН 1; ОН2; ОН 3	Эсселер, презентациялар, жобалар, тест
	<b>GES 106</b> Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу			Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу мүмкіндіктеріне үйренеді.Басқарудағы	Төнкерілген оқыту, жағдаттық (ситуативное) оқыту (Кейс жинау), технологиялық оқыту (Padlet тақта,	ОН 1; ОН 2	Ауызша (кейстерди шешу)



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі	канва қосымшасы, комикстер, қахоот, т.б.)		
	<b>GES 106</b> Эмоционалды интеллект			Пән Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым бағыттары контекстіндегі педагогтың тьютор рөлін игеруіне бағытталған. Студенттер қазіргі мектептің білім беру процесіндегі эмоционалды интеллекті мен «икемді құзыреттіліктердің» орнын анықтайды. Икемді дағдыларды, соның ішінде оны цифрлық ортада дамытуды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдана алады. Өртүрлі жастағы оқушылардың эмоционалды интеллектісін бағалау мен дамытудың технологияларын меңгереді.	рөлдік ойындар; оқу дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі	ОН 1; ОН 2	Критериалды бағалау әдісі; Жоба қорғау
	<b>GES 104</b> Математикалық статистика негіздері			Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады.	түсіндіру, кейс-стади, топпен және жұппен жұмыс	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Жазбаша емтихан

**GLC-2 Тілдік коммуникация**

*Модуль сипаттамасы:* Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GLC 101</b> Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП/МК	10	Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің	АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2	Тест



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді.	проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары		
2	<b>GLC 102</b> Шетел тілі	ЖБП/ МК	10	Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.	Коммуникативтік, АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2	Тест
3	<b>GLC 203</b> Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	БП/ЖК	5	Пән студенттерде ғылыми стильдің жанрлық түрлері туралы білімн қалыптастырады, кәсіби қызмет саласында ақпарат пен деректерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің заманауи әдістерін меңгертеді, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің оқу, сөйлеу, сөйлеу. жазу, тыңдау сияқты төрт түрі бойынша академиялық байланыс дағдыларын дамытады.	RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Эссе

**GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері кәсіби қызметте қолданылатын жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер жаһандық инклюзивті қоғам құруды құндылық ретінде қабылдайды және оны құру мен қолдауға үлес қосады. Студенттер кәсіби саладағы ғылыми зерттеулермен, мәліметтерді жинау мен талдаудың негізгі әдістерімен, мінез-құлықтың кәсіби этикасымен және кәсіби саладағы зерттеулермен танысады. Студенттер өздерін кәсіби саланың өкілімен сәйкестендіреді және





«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

байланыстырады және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуы және еңбек нарығындағы құндылықты арттыру үшін өмір бойы білім алуға ынталанады.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GER 201</b> Инклюзивті білім беру	БП/ ЖК	6	Пән студенттердің әрбір мүшесі өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінетін инклюзивті қоғам қағидалары туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты физиологияны, анатомияны жақсы біледі, жасерекшелік физиологиясы туралы терең білімге сүйене отырып, танымдық дағдылардың қағидаларын түсінеді, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасай алады, инклюзивті білім беру ортасын құрудың стратегияларын біледі және оны жүзеге асыра алады.	Мәселелік - бейімдеушілік оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту, интербелсенді оқыту, мәселелік дәріс, іскерлік ойын, педагогикалық жағдаяттарды шешу, топтық және жеке жоба, презентация, реферат	ОН 1; ОН 2	Ауызша және жазбаша емтихан, топтық және жеке презентация, топтық және жеке жоба, тест
2	<b>GER 402/1</b> Педагогикалық зерттеулер негіздері	БП/ ЖК	10	Пән педагогикалық зерттеу саласында зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған. Студенттер зерттеудің негізгі сапалық және сандық әдістерін біледі, ғылыми әдебиеттерді талдай алады, Action research, lesson study әдістемелерін, бақылау мен рефлексияны меңгерген. Студенттер деректерді өңдей алады және көпшілікке ұсыну үшін зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде құрастыра алады.	Жобалық оқыту	ОН 2; ОН 12	Жобаны қорғау
3	<b>GER 303</b> Кәсіби этика және сәйкестік	Бейіндеуші пән / ЖК	6	Пәннің мақсаты – студенттерді кәсіби педагогикалық ортада қабылданған көзқарастармен, құндылықтармен, білімдермен, сенімдермен және дағдылармен таныстыру. Студенттер педагогикалық немесе басқа да қызмет аясында көшбасшылық және белсенділік дағдыларын, Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына деген сүйіспеншілігін	Пікір талас әдісі; Кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади	ОН 2; ОН 3; ОН 12	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				дамытады, кәсіби этикамен танысады, оны құндылық ретінде қабылдай отырып, қатаң сақтауды үйренеді. Студенттер мансап жолын жоспарлай отырып, өзін-өзі талдау және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады.			
--	--	--	--	---	--	--	--

**GPS – 4 Жалпы педагогикалық пәндер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль педагогикалық мамандықтар үшін міндетті болып табылады және педагогикалық мамандықтың теориялық негіздері оқытылатын пәннің негіздерін ұсынады. Студенттер педагогиканың жалпы бөлімдерімен танысады, модульде психология икемді мазмұнда ұсынылған, ол педагогикалық контексте пайдалану үшін бейінді және қазіргі мектептің сұранысына жауап береді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GPS 201</b> Педагогикалық психология	БП/ ЖК	6	Пәннің мақсаты әр түрлі жас кезеңдерінде оқыту және тәрбиелеу психологиясы саласындағы білімді қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды мектепте жетістікке жетуге ынталандырудың психологиялық жолдары туралы нақты түсінік қалыптасады және танымдық процестердің сапасын бағалайды. Студенттер мұғалім-оқушы-ата-ана жүйесінде сындарлы қарым-қатынас үлгілерін ассимиляциялау арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытады. Курстың соңында олар білім берудегі психологиялық-педагогикалық тәсілдерді сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын меңгереді.	Жариялау әдісі; пікір талас әдісі; кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади.	ОН 1; ОН 2	Ауызша сауалнама, жазбаша емтихан
2	<b>GPS 202</b> Педагогика және дидактика	БП/ ЖК	6	Пәннің мақсаты – ғылым ретінде педагогика туралы жалпы түсінік пен зерттеуге бағытталған оқыту концепцияларын қалыптастыру. Студенттер педагогика ғылымының дамуының тарихи алғы шарттарын меңгереді, дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағиаларын түсінеді. Студенттер цифрлық құралдарды пайдалана	Проблемалық оқыту, SWOD талдау, жағдаяттық оқыту, RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 2; ОН 12	Тест



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				отырып, өзекті ғылыми ақпараттарды ты іздеуді және талдауды жүзеге асырады, педагогика мен дидактиканың іргелі негіздеріне сүйене отырып, өз көзқарасын білдіруге қабілетті.			
3	<b>GPS 303</b> Критериалды бағалау технологиясы	БП/ ЖК	5	Пән технологияны оқу үдерісінде практикалық қолдануды оқытады. Курс білім беру мақсатындағы таксономияның негізінде және білім алушының білім деңгейіне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың критерийлері мен формативтік және жиынтық тапсырмаларды әзірлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, оқыту нәтижелері мен әдістерінің өзара талаптары мен мақсаттарын үйретеді және бақылаудың рейтингтік жүйесінің тұжырымдамасын ашады	Проблемалық оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту	ОН 2; ОН 12	Жазбаша емтихан
4	<b>СТ(І)Р 104</b> Үздіксіз оқу (танысу) практика	БП/ ЖК	1	Практиканың мақсаты - студенттерді білім беру мекемесінің жұмысын жоспарлау жүйесін, сонымен қатар тапсырмалардың, жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылауды зерттеу үшін педагогикалық және зерттеу қызметінің негіздерімен таныстыру; оқу орны қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмысты оқып үйрену.	Тәжірибелік әдіс, бақылау әдісі (кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі)	ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6	Есеп беру
5	<b>С(РР)Р 205</b> Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика	БП/ ЖК	1	Практиканың мақсаты - студенттердің іс-әрекетінде мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің негізгі психологиялық-педагогикалық компоненттерін қалыптастыру және интеграциялау. Сабактың психологиялық компоненттерін және оларды өзінің педагогикалық іс-әрекетінде құруды талдау дағдыларын дамыту. Студентті кәсіби қызметті талдауға дайындау және кәсіби және жеке өзін-өзі дамыту процесін белсендіру.	Тәжірибелік әдіс, бақылау әдісі (кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі)	ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

<b>FGS – 5 Физикалық география пәндер</b>							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль Жердің географиялық қабығын (литосфера, гидросфера, атмосфера, биосфера) зерделейтін пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері Жер шарына тән жалпы заңдылықтарды және олардың себептерін, табиғи құбылыстар мен процестерді, табиғат компоненттерінің арасында болатын өзара байланыстарды түсіндіруге бағытталған. Студенттер жер беті табиғатының ерекшеліктерін, табиғаттың құрамдас бөліктерінің (жер бедері, климат, жер беті суы, топырақ өсімдік және жануарлар дүниесі) бір-бірімен өзара байланысын, бір-біріне тигізетін әсерін, аумақ бойынша таралуын анықтайды. Қоршаған орта мен адамның арақатынасын байланыстырады. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешеді.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>FGS 101</b> Жаратылыстану және жертану	БП/ ЖК	6	Пән - Жердің атмосфера, гидросфера, биосфера, литосфера қабықтары, Жердің пайда болуы және оның дамуы, Жерде тіршіліктің пайда болуы және оның эволюциясы, табиғат пен қоғамның өзара жүйелі байланысы туралы білімдер қалыптастырады. Студенттер Жердің қабаттары және олардың өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді. Жерде адамның пайда болуы және оның эволюциясы туралы ғалымдардың ғылыми пікірлерін талқылайды. Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін анықтайды.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 7	Ауызша емтихан
2	<b>FGS 202/1</b> Картография	БП/ ТК	5	Пән - географиялық карталар, картографиялық бейнелеу түрлері, карта бойынша өлшеу жұмыстарын жүргізу туралы білім қалыптастырады. Студенттер картографияның теориялық негіздерін, карталардың мазмұнын, математикалық және геодезиялық негіздерін, элементтерін біледі. Карталардың түрлері мен типтерін жіктейді. Карта бойынша масштабын, координаталар жүйесін, шартты белгісін анықтайды. Карталардағы бұрмалану мен картографиялық проекциялардың түрлерімен, географиялық карталарды жасаудың	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 7	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				технологияларымен танысады. Карталарды құрастыруды, картаны құру принциптерін, картографиялық кескін жасауды және оны түрлендіруді түсінеді. Географиялық карталарды дұрыс пайдалануды біледі.			
	<b>FGS 202/2</b> Қазақстанның киелі жерлер географиясы			Пән Қазақстанның өңірлік және жергілікті маңызы бар бірегей палеомәдени, тарихи және табиғи киелі орындардың шығу тарихын, археологиялық және сәулет ескерткіштері, діни және ғибадат орындарының кеңістіктік таралуын, ерекшеліктерін оқытады. Киелі орындар мен мәдени-тарихи ескерткіштерге құрметпен қарауға тәрбиелейді. Студенттер Қазақстанның киелі жерлерінің табиғаты, органикалық дүниесі, халқы, шаруашылығы, экологиялық мәселелері, тарихының негізгі кезеңдері, мәдениет, әдебиет, өнер, сәулет ескерткіштері туралы ақпараттарды жинайды.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 7	Жазбаша емтихан
3	<b>FGS 203/1</b> Геология және геоморфология	БП/ТК	5	Пән -Жердің пайда болуы мен дамуы, геологиялық процестер, жер бедері, оның түрлері мен пішіндері, жаратылысы, таралуы туралы білімдер қарастырылады. Студенттер Жер бедерінің пішіндерін, сыртқы және ішкі процестерді сипаттайды. Пайдалы қазбалардың пайда болуы және оларды тиімді пайдалану жолдарын біледі. Тау жыныстарының абсолюттік және салыстырмалы жасын анықтайды. Тау жыныстары мен минералдарды салыстырады. Геологиялық, геоморфологиялық карталарды талдайды. Геологиялық қима дайындайды.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 5, ОН 7	Жазбаша емтихан
	<b>FGS 203/2</b> Топография геодезия негіздерімен			Пән – картографиялық бейнелеу мен топографиялық түсірілімдердің түрлерін,	Топтық жұмыс; Демонстрация	ОН 4, ОН 5, ОН 7	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				карта бойынша өлшеу жұмыстарын қарастырады. Студенттер топографиялық картаның мазмұнын біледі, географиялық карталарды жасаудың заманауи технологияларымен танысады. Студенттер жер бетіндегі нүктелердің орнын, географиялық және тік бұрышты координаталарды, дирекциондық бұрыштарды, азимуттарды, нүктенің биіктігін, жергілікті жерде бағдарлауды анықтайды. Геодезиялық құралдарды (теодолит, нивелирлер, электрондық тахометрлер) біледі, қолданады. Топографиялық карталар мен пландарды жасайды. Жергілікті геодезиялық өлшеу жұмыстарын жүргізеді.	әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс		
4	<b>FGS 204/1</b> Гидрология, климатология және метеорология	БП/ТК	5	Пән – гидросфера қабатын оның элементтерін, климат түрлері, климатты қалыптастырушы факторлар, климаттың өзгеруіне әсер ететін факторлар, ауа райы және ондағы болып жатқан құбылыстарды қарастырады. Студенттер табиғи суларда өтіп жатқан процестерді, су нысандарының гидрологиялық жағдайын, атмосфераның құрамын, қасиеттерін (жылу айналымын, жылу режимін) сипаттайды. Климаттың өзгеруін, су ресурстарын ұтымды пайдалануды талқылайды. Су ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын біледі, климаттың типтерін жіктейді, климат өзгерістерін салыстырады, ауа райын болжайды.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 5, ОН 7	Жазбаша емтихан
	<b>FGS 204/2</b> Геоэкология және табиғатты қорғау			Пән - табиғатты тиімді пайдаланудың мәселелерін, аймақтық деңгейде табиғатты пайдалануды ұйымдастыру, басқару және	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі	ОН 4, ОН 6, ОН 7	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның жағдайын әлеуметтік-экологиялық-экономикалық бағалау, жақсарту бойынша білім қалыптастырады. Студенттер қоршаған ортаны оңтайландырудың, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғаудың жолдарын біледі. Қоршаған орта жағдайы мен адам денсаулығын өзара байланыстырады. Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен тұрақтылығын болжайды. Қоршаған ортаны ластаудан қорғайды, табиғи ортаны ластағаны үшін келтірілген шығындар мен төлемдерді есептейді.	әдіс; Иллюстрациялық әдіс		
5	<b>FGS 305</b> Әлемнің физикалық географиялық аймақтары	БП/ЖК	5	Пән-материктер мен мұхиттар туралы білім қалыптастырады. Материктердің физикалық - географиялық ерекшеліктері, мұхиттардың экологиясы және олардың табиғи ресурстарын тиімді пайдалану жолдары көрсетіледі. Студенттер құрлықтардың пайда болуын, ашылу тарихын, зерттелу кезеңдерін, мұхит суларының ерекшеліктерін біледі. Студенттер материктердің жер бедерін, климатын, ішкі суларын, топырағын, өсімдіктер жамылғысы мен жануарлар дүниесін салыстырады. Материктердің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 5	Ауызша емтихан
6	<b>FGS 306</b> Қазақстанның физикалық географиялық аймақтары	Бейіндеуші/ЖК	5	Пән- Қазақстан аумағының қалыптасуы мен дамуы, геологиялық кезеңдері туралы білім қалыптастырады. Студенттер Қазақстан аумағы табиғатының зерттелу тарихын біледі. Қазақстанның географиялық орнын, табиғат жағдайын, пайдалы қазбалардың түрлерін сипаттайды, табиғи-аумақтық кешендердің ерекшеліктерін біледі. Қазақстанның	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 6, ОН 7	Ауызша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				климатын, ішкі суларын, топырағын, жануарларын, өсімдіктерін, пайдалы қазбаларын зерттейді. Физикалық аймақтары мен ерекше қорғалатын аумақтарына шолу жасайды. Жер қойнауын тиімді пайдалануды, қоршаған орта экологиясының мәселелерін талқылайды.			
7	FGS 407/1 Геоинформатика	Бейіндеуші/ТК	5	Пән географиялық ақпараттық жүйелердің құрылымы, классификациясы, функционалдық мүмкіндіктері, географиялық ақпарат пен жүйелердің дерекқорын әзірлеу туралы түсінік қалыптастырады. Студенттер географиялық ақпараттарды енгізу, сақтау, өңдеу, талдау, визуализациялау үшін қолданылатын толық функционалды бағдарламалармен танысады. Бағдарламалық құралдарды пайдалануды, компьютерлік желілерде жұмыс жасауды үйренеді. Студенттер геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, географиялық деректердің топтарын құрады, картографиялық жұмыстардың түрлерін құрастырып, өңдейді.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 3, ОН 7, ОН 12	Жазбаша емтихан
	FGS 407/2 Топонимика			Пәнде топонимика туралы ұғымдар мен түсініктер, топонимиканың теориялық негіздері, топонимдер, географиялық атаулардың негізгі топтары, топономикалық жүйелердің қалыптасуына әсер етуші факторлар қарастырылады. Пән географиялық атауларды, олардың шығу тегін, семантикалық мағынасын, мәнін, топонимика бөлімшелерін, топонимдердің мен этимологиясын, топонимикадағы сөзжасам принциптерін, картографиялық	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 4, ОН 7	Жазбаша емтихан





«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				топонимикадағы қатарлар заңын, жергілікті дамуын, қазіргі жағдайын, негізгі топтарын, жазылуын және айтылуын оқытады. Студенттер топонимдерді топтар бойынша біріктіреді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды.			
8	<b>FGS 108</b> Оқу - дала практикасы	БП/ ЖК	1	<p>Практиканың мақсаты- геодезиялық аспаптармен және құрал - жабдықтармен - теодолит, нивелир, электрондық тахометр, лазерлік алыс өлшегіштермен, көз өлшегіш түсірумен, геометриялық нивелирлеумен, жергілікті жерде бағдарлаумен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастырады, далалық зерттеу әдістерін қолданады. Студенттер карта бойынша жергілікті жердің масштабын, координаталарын, азимуттарды, жер бетіндегі нүктелердің орнын, биіктігін анықтайды, шартты белгіні пайдаланады. Тау жыныстары мен минералдарды жинайды. Геологиялық, геоморфологиялық, топографиялық карталарды талдайды, пландарды жасайды, геологиялық қима дайындайды.</p> <p>Далалық практика кезеңінде студенттер далалық және зертханалық жағдайда өсімдіктерді анықтауды, өсімдіктердің биоморфологиялық сипаттамаларын (анатомиялық-морфологиялық талдау) жүргізуді, табиғатта фенологиялық бақылаулар жүргізуді үйренеді. Өсімдіктердің түрлерінен гербарий (кепешөп) үлгілерін жасайды және түрлердің халықаралық атауларымен танысады.</p>	Эмпирикалық зерттеу әдісі (байқау, салыстыру, өлшеу, эксперимент)	ОН 4, ОН 7, ОН 12	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				Қоршаған ортаның өсімдіктер қауымдастығын анықтайды. Дәрілік, шикізаттық, өндірістік, мал азықтық маңызы бар түрлермен танысады. Практика нәтижесінде студенттердің өзіндік зерттеу дағдылары қалыптасады.			
9	<b>FGS 209</b> Оқу - дала практикасы	БП/ ЖК	1	<p>Практиканың мақсаты- студенттер табиғаттың жекелеген компоненттері мен шаруашылық қызметінің арасындағы өзара байланысты анықтайды. Студенттер табиғи суларда өтіп жатқан процестерді, су нысандарының гидрологиялық жағдайын, ауа райының өзгеруін бақылайды, болжайды, салыстырады. Топырақ профилін құрады. Табиғи аумақты зерттейді, өндірістік кешендерді сипаттайды. Табиғатты тиімді пайдаланудың жолдарын ұсынады.</p> <p>Далалық практика кезеңінде студенттер далалық және зертханалық жағдайда жануарларды анықтауды, олардың биоморфологиялық сипаттамаларын (морфологиялық талдау) жүргізуді, табиғатта фенологиялық бақылаулар жүргізуді үйренеді. Зоологиялық материалдарды биологиялық бақылау және зертханалық өңдеу әдістерін игеру; жануарлардың шаруашылық маңызы бар топтарымен (зиянкестер, паразиттер, энтомофагтар және басқалар) танысады. Практика нәтижесінде студенттердің өзіндік зерттеу дағдылары қалыптасады.</p>	Эмпирикалық зерттеу әдісі (байқау, салыстыру, өлшеу, эксперимент)	ОН 4, ОН 7, ОН 12	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

<b>EGS – 6 Экономикалық география пәндер</b>							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль Дүние жүзі елдері мен Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайын сипаттайтын пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері Дүние жүзі мен Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісін, экономикасының құрылымын, экономикалық қатынастарды, өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын, өндірістік күштердің дамуы мен орналастырылуын оқытуға мүмкіндік береді. Студенттер табиғи ресурстарды жіктейді, халықтардың орналасуы мен таралуын, еңбек ресурстарын сипаттайды. Шаруашылық салаларын (өндіруші және өңдеуші) бөледі, орналасу ерекшеліктерін анықтайды. Дүние жүзі елдері мен Қазақстанның экономикалық дамуын салыстырады. Студенттер географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсініп, географиялық әдістерді жіктейді, географиялық зерттеулер жүргізуде географиялық әдістерді қолданады. Географиялық ақпараттарды енгізу, сақтау, өңдеу, талдау, визуализациялау үшін толық функционалды бағдарламалармен танысып, бағдарламалық құралдарды пайдаланып, жұмыс жасауды үйренеді, картографиялық жұмыстарды жасайды.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>EGS 301</b> Әлемнің экономикалық географиясы	БП/ЖК	6	Пән – дүние жүзіндегі мемлекеттердің экономикалық-әлеуметтік жағдайын сипаттайды. Елдердің экономикалық, әлеуметтік, саяси, экологиялық мәселелерін, мемлекеттер арасындағы геэкономикалық байланыстарды қарастырады. Студенттер дүние жүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдерін, сандық және сапалық өзгерістерін талқылайды, дүние жүзі елдерін топтастырады, дүние жүзілік шаруашылықтың салаларын (өндіруші және өңдеуші) бөледі, дүниежүзінің табиғат байлықтарын, халқын, еңбек ресурстарын жіктейді, дүние жүзі елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын салыстырады.	Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс	ОН 5, ОН 6	Ауызша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

2	EGS 403/1 Географиялық зерттеу әдістері	БП/ ТК	5	<p>Пән географиялық білім беру мен географиялық зерттеулер жүргізуде географиялық зерттеу әдістерін қолданудың теориясы мен практикасын меңгертеді. Пән географиялық зерттеу әдістерінің мәні мен зерттеу нысандарын, негізгі және заманауи әдістерін оқытады. Студенттер географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсініп, географиялық әдістерді жіктейді. Тәжірибелік, эксперименттік, аналитикалық жұмыстарды жүргізуде географиялық әдістерді қолданады. Географиялық нысандарды, құбылыстарды, процесстерді зерттеу барысында географиялық жазбаларды құру, графикалық материалдарды алу үшін географиялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланады. Жобаларды дайындап, талқылайды.</p>	<p>Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс</p>	<p>ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 7, ОН 12</p>	Жазбаша емтихан
	EGS 403/2 Рекреациялық география			<p>Пән - аймақтардың рекреациялық ресурстары және олардың географиялық таралу заңдылықтары туралы білім қалыптастырады. Студенттер рекреациялық ұғымдар мен түсініктерді, рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын біледі. Әлемнің әр түрлі аймақтары бойынша табиғи рекреациялық ресурстарды оларға әсер ететін географиялық факторларды сипаттайды. Әлемнің жекелеген елдері мен аймақтарындағы рекреациялық орындарды анықтайды. Рекреациялық ресурстардың ахуалын бағалайды. Рекреациялық қызметтің сапасын өзара салыстырады. Рекреациялық қызмет пен денсаулық сақтау жүйесін байланыстырады.</p>	<p>Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс</p>	<p>ОН 4, ОН 5, ОН 7</p>	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

3	EGS 302/1 Қазақстанның экономикалық географиясы	Бейіндеуші/ТК	5	<p>Пән - Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісін, халқы мен еңбек ресурстарын, экономикасын, шаруашылығын сипаттайды. Қазақстанның табиғи ресурстарын, шаруашылық салаларын жіктейді. Студенттер Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және геосаяси жағдайын, әлем елдері арасындағы рөлі мен орнын талқылайды. Қазақстанның экономикалық дамуын басқа елдермен салыстырады. Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстары туралы пікір білдіреді. Қазақстанның қазіргі экономикалық жағдайын бағалайды. Қазақстанның экономикалық аудандары мен аймақтарын бөледі.</p>	<p>Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс</p>	<p>ОН 5, ОН 6, ОН 7</p>	<p>Ауызша емтихан</p>
	EGS 302/2 Қолданбалы география			<p>Пән-географияның қолданбалы мәселелерін, қолданбалы зерттеулердің маңызы туралы білім қалыптастырады. Пән саяси, экологиялық, экономикалық, демографиялық, азық-түлік, энергетикалық мәселелер мен оларды шешудің жолдарын қарастырады. Студенттер қоғам мен табиғаттың, өндіріс пен халықтың аумақтық ұйымдастырылуын, шаруашылық объектілерін орналастыру мен ұтымды пайдаланудың мәселелерін сипаттайды. Студенттер әр түрлі геотехникалық жүйелерді анықтайды. Қоғамдағы проблемаларды шешу үшін заманауи техника мен технологияны пайдаланады.</p>	<p>Топтық жұмыс; Демонстрация әдісі; Түсіндірмелі әдіс; Иллюстрациялық әдіс</p>	<p>ОН 5, ОН 6, ОН 7</p>	<p>Жазбаша емтихан</p>



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

**ВРА-7 Өсімдіктер мен жануарлардың биоалуантүрлілігі.**

**Модуль сипаттамасы:** Өсімдіктер мен жануарлардың биоәртүрлілігі ботаникалық-зоологиялық заңдылықтарды зерттейтін биология ғылымының салалық бағыты ретінде қалыптасқан. Ол тіршіліктің таралуының негізгі заңдылықтары туралы толық түсінік береді. Модульда жануарлар мен өсімдіктер патшалығының морфологиялық ұйымдастырылуының әртүрлі деңгейлері, өсімдіктер мен жануарлардың жасушаларының құрамы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылады. Сонымен қатар студенттер төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктердің, жануарлардың биоәртүрлілігімен танысып, олардың құрылысын, филогенетикалық байланыстарын, тіршілік ету ортасымен өзара әрекеттесуін, олардың маңыздылығын және сақталуын зерттейді. Өсімдіктер мен жануарлардың биоалуантүрлілігі туралы туралы алған деректер биологияның маңызды теориялық бағыттары – тірі организмдердің систематикасын, эволюциясы мен филогенезін дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Табиғи жағдайда өсімдіктер мен жануарларға биологиялық бақылаулар жүргізеді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>ВРА 101</b> Ботаника	БП/ЖК	5	Курсты меңгеру барысында студенттер өсімдіктердің ішкі және сыртқы құрылыс ерекшеліктерін сипаттайды, өсу және даму заңдылықтарын зерттейді. Клетка құрылысына, ұлпаларға, тұқымға, көбеюге байланысты зертханалық сабақтарда өтілетін тақырыптарға талдаулар жасай алады. Студенттер ғылыми өндірістік және практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде салыстырмалы морфологиялық әдісті және алған білімдерін қолдана алады. Сонымен қатар, өсімдіктердің табиғи жіктелуін, түрді анықтаудың әдістерін зерттейді.	Микроскопиялық әдіс, салыстырмалы талдау, сыни ойлау, кейс, Stem, эмпирикалық зерттеу әдістері	ОН 8, ОН 9, ОН 11	Жазбаша емтихан
2	<b>ВРА 202/1</b> Зоология	БП/ТК	6	Пәнді оқу шеңберінде студенттер омыртқасыз және омыртқалы жануарларды жүйелейді. Олардың эволюциясы мен филогенетикалық байланыстарын, тіршілік әрекеттерін, қоршаған ортада таралуын зерттейді. Олардың құрылыс ерекшеліктерін сипаттайды, салыстырады. Табиғи және бекіткіш сұйықтардағы жануарларды, зертханалық жабдықтарды қолданады. Жануарлардың әртүрлілігі, ұйымдық ерекшеліктері, өмір салты, шығу тегі мен эволюциясы, табиғатта және адам өміріндегі маңызын зерттейді.	Эмпирикалық зерттеу әдістері Сыни тұрғыдан ойлау Ментальды карта	ОН 8, ОН 9, ОН 11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

	<b>ВРА 202/2</b> Энтомология			Студенттер насекомдардың шығу тегін, систематикасын, құрылысының морфологиялық-анатомиялық ерекшеліктерін, биологиясын, өсу және дамуының экологиялық ерекшеліктерін, практикалық маңызын, пайдалы және зиянды насекомдар түрлері мен оларды шаруашылықта қолдану жолдарын зерттейді. Биологиялық объектілердің әртүрлілігі туралы негізгі түсініктерге, биосфераның тұрақтылығы үшін биоәртүрліліктің маңызы, биологиялық объектілерді бақылау, сипаттау, сәйкестендіру, жіктеу, өсіру әдістерін қолдану мүмкіндігіне ие болады.	Эмпирикалық зерттеу әдістері Сыни тұрғыдан ойлау Ментальды карта	ОН 8, ОН 9, ОН 11	Жазбаша емтихан
<b>3</b>	<b>ВРА 203/1</b> Экофизиология	БП/ТК	5	Пәнді оқу шеңберінде студенттер өсімдіктердің физиологиялық және экологиялық факторларға өзгергіштігін, биохимиялық негіздерін зерттейді. Өсімдіктердің қоршаған ортадағы физиологиялық процестермен, температурамен, абиотикалық стресс жағдайындағы жаһандық өзгерістермен өзара әрекеттесуін талдайды. Білім алушылар тірі организмдердің физикалық тіршілік ету ортасының факторларымен немесе басқа организмдермен экологиялық байланыста қолданылатын биофизикалық, биохимиялық және физиологиялық процестермен өзара әрекеттесуін зерттеуде жаңа құзыреттерге ие болады.	Эмпирикалық зерттеу әдістері, Сыни тұрғыдан ойлау	ОН 8, ОН 10, ОН 11	Жазбаша емтихан
	<b>ВРА 203/2</b> Қоршаған орта туралы ілім			Пәнді оқу барысында студенттер қоршаған ортаның экологиялық ахуалын, биосфера компоненттері мен эволюциясын, процесстердің даму заңдылықтарын меңгереді. Тірі зат концепциясы мен тіршілік тұрақтылығы және тұрақты даму концепцияларын қарастырады. Адам қоныстарының генезисі, қалалық	Эмпирикалық зерттеу әдістері, Сыни тұрғыдан ойлау	ОН 8, ОН 10, ОН 11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				аумақтардың фаунасы мен флорасының құрылымы туралы, экологиялық мониторингтің әдіснамасы, биосфераға деген ғылыми ойлауы мен дүниетанымын және ғылыми көзқарас қалыптасады.			
4	<b>ВРА 304/1</b> Цитология, гистология және эмбриология	Бейіндеуші/ТК	6	Пәнді оқу барысында студенттер организмдердің ядросын және жасушаның бөліну типтерін, клетка қосындыларын, ядро қабықшасын, протоплазмасын, жасуша құрылымындағы жалпы заңдылықтарды меңгереді. Ұлпалардың классификациясы, қызметі және жыныс жасушаларының қалыптасуы, дамуы мен ұрықтану процесі, эмбрионалды дамудың негізгі кезеңдері жайлы білімдері қалыптасады. Жасушаның, ұлпаның микроскопиялық құрылысын зерттеу әдістерін меңгереді. Гистологияның анатомия, биохимия және физиология ғылымдары арасындағы органикалық байланысын анықтайды.	Цито- және гистохимия әдістері, Кейс-әдіс	ОН 8, ОН10, ОН 11	Жазбаша емтихан
	<b>ВРА 304/2</b> Клеткалық патология			Бұл пәнде білім алушылар жасушаішілік гомеостаздың бұзылуымен сипатталатын типтік патологиялық процесстерді қарастырады. Жасушаның функционалдығын шектейтін және оның өліміне немесе өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне әкелуін зерттейді. Ұлпалар мен ағзадағы жасушаның патологиялық бұзылуын, гистопатология және цитопатологиялық молекулалық әдістерді, қатерлі ісік ауруларының бастапқы деңгейі туралы білімдерін толықтырды. Тірі ағзалардағы ауруға байланысты дамитын патологиялық процестердің морфологиялық негіздері туралы білімі қалыптасады.	Микроскопия, цито және гистохимия әдістер	ОН 8, ОН10, ОН 11	Жазбаша емтихан
5	<b>ВРА405/1</b> Эволюциялық ілім	Бейіндеуші/ТК	5	Курс заманауи эволюциялық теорияның қалыптасу тарихын және оның негізгі ережелерін,	Кейс-стади әдісі, "миға шабуыл"	ОН 8, ОН10, ОН 11	Жазбаша емтихан





«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				<p>микро- және макроэволюция процестерінің ерекшеліктерін, түртүзілу концепциясын, популяцияның генетикалық құрылымын, модификация мен мутациялық өзгеріштіктің себептерін, абиотикалық, биотикалық және антропогендік факторлардың тірі организмдердің тұқым қуалаушылық пен өзгеріштікке әсерін меңгеруге бағытталған.</p>	<p>іскерлік ойыны, ақыл-ой картасы</p>		
	<p><b>ВРА 405/2</b> Антропология</p>			<p>Бұл курста студенттер адамның және адамның нәсілінің эволюциясы, адамның физикалық құрылымы, этникалық және басқа да халықтардың морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін меңгереді. Студенттер адам мәдениеті мен өркениетін қалыптастыру, әр түрлі тарихи кезеңдерде және әртүрлі аумақтарда адамзат қоғамының құрылымын зерттейді. Биологиялық процестерді зерттеуге қазіргі эволюциялық көзқарастың дәлелін, биологияны оқытудың заманауи ғылыми негізделген әдістерін, әдістері мен құралдарын, оның ішінде оқытудың техникалық құралдарын, ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану дағдыларын меңгереді.</p>	<p>Кейс-стади әдісі, "миға шабуыл" іскерлік ойыны, ақыл-ой картасы</p>	<p>ОН 8,ОН 10, ОН 11</p>	<p>Жазбаша емтихан</p>



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

<b>SHD-8 Тірі организмдердің құрылымы, тұқым қуалаушылығы және дамуы</b>							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Бұл модульды оқу барысында студенттер жасушаның макромолекулалары – ақуыздарды, нуклейн қышқылдарын және олардың жүру процесстерін қарастырады. Сонымен қатар, тұқым қуалаушылықтың материалдық негіздері, ядроның, хромосоманың, ДНҚ-ның құрылымдық ерекшеліктерімен танысады. Прокариоттар мен эукариоттардың геномдық құрылымдарын салыстырады. Адам ағзасының және оның мүшелерінің қозғалыстарына анатомиялық талдау дағдылары мен оған әсер ететін сыртқы және ішкі күштердің өзара әрекеттесуін зерттейді.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>SHD 301/1</b> Адам анатомиясы	БП/ТК	6	Пәнді игеру барысында студенттер адам ағзасының формасы мен құрылымын, пайда болуы мен дамуын зерттейді. Жас, жыныстық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дене бөліктері мен мүшелерінің пішінін, құрылымын, орналасуын және топографиялық қатынастарын жүйелі түрде сипаттайды. Өзінің болашақ кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті болады. Негізгі биологиялық ұғымдарды, биологиялық заңдар мен құбылыстар туралы білімді меңгереді.	Эмпирикалық зерттеу әдістері (бақылау, салыстыру, өлшеу) АКТ-технология Моделдеу	ОН 9, ОН 10, ОН 11	Жазбаша емтихан
	<b>SHD 301/2</b> Жеке даму биологиясы			Курсты игеру барысында студенттер ағзалардың онтогенетикалық даму заңдылықтарын меңгереді. Студенттер организмдерде өтетін макро - және микроморфологиялық, физиологиялық-биохимиялық, молекулалық және генетикалық процестер туралы, сондай-ақ жануарлар мен өсімдік организмдерінің онтогенезінің барлық кезеңдерінде даму процесін басқаратын факторлар мен механизмдер туралы түсініктерді біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын ескере отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешуге дайын болу.	Эмпирикалық зерттеу әдістері (бақылау, салыстыру, өлшеу) АКТ-технология Моделдеу	ОН 9, ОН 10, ОН 11	Жазбаша емтихан
2	<b>SHD 402/1</b>	БП/ТК	4	Пәнді оқу барысында студенттер генетика және молекулалық биологияның даму тарихы мен	Зертханалық-аналитикалық әдіс	ОН 8, ОН 9, ОН10, ОН11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

	Генетика және молекулалық биология негіздері			зерттеу әдістерін және басқа ғылымдармен байланысын оқып үйренеді. Сонымен қатар тұқым қуалаушылықтың материалдық негіздері яғни ядроның, хромосоманың, ДНҚ-ның құрылымдық ерекшеліктерімен танысады. Г.И. Мендель заңдарына тоқталып, яғни моно және дигибридті (аллельді емес гендердің әрекеттесуі) будандастыруға есептер шығара отырып тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің ұрпақтар бойында сақталуын анықтай алады және онтогенез барысында, адам генетикасына тоқалып – шежіре құру әдісін үйренеді. Жасушаның макромалекулалары – ақуыз, нуклейн қышқылдарына және олардың жүру процесстеріне кеңінен тоқталады. Трансляция, транскрипцияның жүруі, гендер экспрессиясының механизмдерімен танысады.	кейс-әдіс, Топтық жұмыс		
	<b>SHD 402/2</b> Өсімдіктер мен жануарлар селекциясы			Курсты игеру кезінде студент өсімдіктер мен жануарлардың өсіруінің заманауи әдістерімен және бағыттарымен, селекциялық ғылымның алдында тұрған мәселелермен, өсімдіктерді генетикалық және селекциялық жақсарту әдістерімен танысады. Фенотипті қалыптастырудағы тұқым қуалаушылық пен ортаның арақатынасын, адамзаттың әл-ауқатын жақсартудағы селекцияның рөлін зерттейді. Генетика мен селекцияның негізгі заңдылықтары мен қазіргі жетістіктері, геномика, протеомика туралы негізгі идеяларды меңгереді.	Зертханалық-аналитикалық әдіс кейс-әдіс, Топтық жұмыс	ОН 8, ОН 9	Жазбаша емтихан
3	<b>SHD 403/1</b> Биохимия	БП/ТК	5	Курсты игеру барысында студент тірі организмдердің химиялық құрамын және олардағы химиялық процестер мен реакциялар туралы білім алады. Ең маңызды биологиялық қосылыстардың - ақуыздардың, нуклеин	Эмпирикалық зерттеу әдістері (бақылау, салыстыру, өлшеу, эксперимент	ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				қышқылдарының, көмірсулардың, липидтердің құрылымы мен қасиеттерін; олардың ағзадағы химиялық өзгерістері және тіршіліктің физика-химиялық негіздерін түсіну үшін осы түрлендірулердің маңызын меңгереді. Биохимия саласындағы негізгі теорияларды, тұжырымдамалар мен принциптерді біледі және қолданады, жүйелік ойлауға қабілетті болады.			
	<b>SHD 403/2</b> Энзимология негіздері			Энзимология негіздері пәнін оқу барысында студенттер ферменттер туралы білімдерін жетілдіреді. Биохимиялық процестерге негізделген және әртүрлі өндірістерде, ауыл шаруашылығында және медицинада қолданылатын биохимиялық реакциялар үшін протеин катализаторларының жұмыс істеу принциптерін игереді. Далалық және зертханалық биологиялық ақпаратты өңдеудің, талдаудың және синтездеудің заманауи әдістерін қолданады, ғылыми-техникалық жобалар мен есептерді құрастыру принциптерін біледі.	Эмпирикалық зерттеу әдістері (бақылау, салыстыру, өлшеу, эксперимент	ОН 8, ОН 9, ОН 10, ОН 11	Жазбаша емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

**ТМР – 9 Оқыту әдістемесі мен кәсіби қызметтің педагогикалық негіздері**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері студенттердің практика барысында кәсіптік қызметтің міндеттері мен функцияларын түсінуге, теориялық білімдерін бекітуге, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға, мамандығы жайлы білімдерін кеңейтуге және дамытуға, әріптестермен пайдалы байланыстарды орнатуға, кез-келген жағдайда жол таба білуге, мақсатқа негізделген шешім қабылдауға, кәсіби ұстанымын айқындауға бағытталған. Білімалушылар оқу жұмысын ұйымдастырудың формаларын, инновациялық әдістер мен практикалық іс-әрекет тәсілдерінің маңыздылығын, геоақпараттық технологиялардың тиімділігін көрсетеді. Студенттер практика барысында география ғылымының теориялық негіздерін, географиялық теорияларды, заңдылықтарды, тұжырымдарды түсіндіреді. Географиялық ұғымдар мен терминдерді, оқыту құралдарын, зерттеу әдістерін қолдана алады. Білім алушының оқу жетістіктерін бақылап, критериалды бағалау жүйесін қолданады, педагогикалық шеберлігін жетілдіреді. Практикада диплом тақырыбы бойынша тәжірибелік материалдарын мен статистикалық мәліметтерін жинақтайды, талдайды, өңдейді, қорытындылайды, ұсыныстарын әзірлейді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>ТМР 301</b> Географияны оқыту әдістемесі	Бейіндеуші/ ЖК	5	Пән - географияны оқытуда оқу жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру формаларын, инновациялық технологиялар, педагогикалық әдістер туралы білім қалыптастырады. Студенттер География бойынша мектеп бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнын біледі, сабақ жоспарларын әзірлейді, критериалды бағалау жүйесін меңгерген, инновациялық әдістер мен технологияларды, географиялық оқыту құралдарын пайдаланады. Студенттер оқыту әдістері мен оқушы білімін байланыстыра отырып, педагогикалық шеберлігін жетілдіреді, оқушының таным қабілетін дамыту мүмкіндіктерін ашады.	Сыни тұрғыдан ойлау, Бинарлы әдіс, педагогикалық оқыту әдістері	ОН 2, ОН 12	Тест
2	<b>ТМР 302</b> Биологияны оқыту әдістемесі	Бейіндеуші/ЖК	5	Пәнді оқу барысында студенттер биология курсына оқу бағдарламасы деңгейінің “Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына” сәйкес іске асыру контекстінде оқытудың заманауи мақсаттары мен міндеттерін жалпы білім беретін мектептегі негізгі биология пәнінің құрылымы мен жаңартылған пәндік мазмұнын зерттейді. Критериалды бағалау жүйесін түсініп, педагогикалық әдіс-тәсілдерді	Сыни тұрғыдан ойлау, Бинарлы әдіс, педагогикалық оқыту әдістері	ОН 2, ОН 9, ОН 11, ОН 12	Тест



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

				қолданады. Орта мектептерде, ІТ технологияларын қолдана отырып биология сабақтарын өткізе алады. Білім алушылардың оқу-зерттеу қызметіне жетекшілік ету қабілетіне ие болады.			
3	<b>РР 303</b> Педагогикалық практика	БП/ ЖК	6	Практика кезінде болашақ жас маман университеттен алған құзыреттілігін қолданатын жағдайға кездеседі, оның ішінде: студент кәсіби сенімділігін, кез келген жағдайда жол таба білуді, мақсатқа негізделген шешім қабылдау сияқты тұлғалық қасиеттерін көрсетеді.	Тәжірибелік әдіс Нақты жағдайлар әдісі ( кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі)	ОН 2, ОН 3, ОН 7, ОН 11; ОН 12	Есеп беру
4	<b>Р(Р)Р 404</b> Өндірістік (педагогикалық) практика	Бейіндеуші пән / ЖК	16	Өндірістік-педагогикалық практика – болашақ бағдарлама бойынша практикалық дағдыларды меңгеру мен алдыңғы қатарлы кәсіби және ұйымдастырушылық тәжірибе алу, студенттің практикалық, нақты маман ретінде жұмыс атқаруы базалық және профильді пәндер бойынша теориялық білімді бекітуге бағытталған кәсіби прктиканың түрі болып табылады. Өндірістік-педагогикалық практикадан өту барысында студентті нақты өндірістік жағдайдың барлық бағыттары бойынша кәсіби әрекетке дайындау жүргізіледі.	Тәжірибелік әдіс Нақты жағдайлар әдісі ( кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі)	ОН 2, ОН 3, ОН 7, ОН 11; ОН 12	Есеп беру
5	<b>Р(Р)Р 405</b> Дипломалды (педагогикалық) практика	Бейіндеуші пән / ЖК	2	Дипломалды практикада бітіруші түлектер дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша тәжірибелік материалдарын жинақтайды, өңдейді және жалпылайды; статистикалық мәліметтері мен тәжірибелік материалдарды талдайды; тақырып бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдайды; дипломдық жұмысты білгіленген талаптарға сәйкес ресімдейді.	Тәжірибелік әдіс Нақты жағдайлар әдісі ( кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі)	ОН 2, ОН 3, ОН 7, ОН 11; ОН 12	Есеп беру



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Жаратылыстану институты

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>WDDP(P)PCE 401</b> Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ҚА	8	<p>Диплом жұмысын (жоба) әзірлеу мақсаты: білім беру бағдарламасын аяқтаған білімгерлердің қол жеткізген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерін бағалау</p> <p>Жұмысты/жобаны қорғауы оның орындауын тексерудің ерекше формасы. Қорғау білім алушылардың ұсынған шешімдерін жан-жақты дәлелдеуге және орындалған жұмысты түсінуді қамтиды. Дипломдық жұмысқа/жобаға баға білім алушының баяндауынан кейін, сұрақ-жауаптан соң және зерттеудің қорытындысы бойынша ұсынған оқу материалдарын, сызбаларын, жобаларын, модельдерін, т.б. тексеруден кейін қойылады.</p> <p>Кешенді емтихан мақсаты: білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін алынған төмендегі білім беру нәтижелерін және игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады. Кешенді емтихан оқу жоспарында көрсетілген бағдарлама пәндері пәндері бойынша өткізіледі. Білім алушының емтихан тапсыруда алған білімін бағалауда теориялық, ғылыми және тәжірибелік дайындық деңгейі ескеріледі. Кешенді емтихан билеттерінің сұрақтары оқу жоспарына сәйкес оқытылған барлық арнаулы пәндерден жинақталған сұрақтар қамтиды. Сұрақтарды түзу барысында бағдарламаның ерекшелік сипаттары, салалық құрамдас бөліктері ескеріледі.</p>		ОН 2, ОН 3, ОН 7, ОН 11; ОН 12	



### 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

#### 3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

6В01512-География-Биология БББ бойынша кітапхана қоры 2022 жылғы 1 маусымға 2115 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік (қазақ тілінде) тілде – 1409 дана, орыс тілінде 471 дана және шетел тілінде 235 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасы студенттерінің келесі ғылыми журналдарға: ҚАЗҰУ Хабаршысы. География сериясы, ҚазҰлтҚызПУ Хабаршысы, National Geographic, География және табиғат, География, биология, экология орта мектепте, Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО оқыту, Биология, география және экология мектепте оқыту әдістемесі, География в школах и вузах Казахстана, Экологическое образование в Казахстане, Гүлстан, Таптым-Эврика, Қазақстанның жер ресурстары, Қазақстан жоғары мектебі, Изденіс-Поиск, Экологический курьер кіруі қамтамасыз етілген.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, студенттер компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

#### 3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын География кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны– 11 адам., оның ішінде:

Ғылым кандидаты – 4

Философия докторы (PhD) – 1

Магистр –6

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 50 %

География және туризм кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамының сипаттамасы **Кадрлық анықтамалықта** берілген.

Білім беру бағдарламасын Биология кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны– 20 адам., оның ішінде:

Ғылым докторы – 1





Ғылым кандидаты – 8  
Философия докторы (PhD) – 2  
Магистр – 9  
Кафедраның ғылыми әлеуеті – 60 %.

Биология кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамының сипаттамасы  
**Кадрлық анықтамалықта берілген.**

### 3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Университетте заманауи әлеуметтік инфрақұрылым бар. Жалпы ауданы 23 458,8 ш.м. 3 оқу ғимараты бар. пайдаланылатын ауданы 13215,6 ш.м. Оқу ғимараттарында буфеттер мен асхана жұмыс істейді. Қазіргі уақытта университетте 5 интерактивті дәріс залы, 37 мамандандырылған мультимедиялық кабинеттер, оқу зертханалары мен лингвистикалық кабинеттер бар. Резидент емес студенттерге жатақхана беріледі. ҚазҰлтҚызПУ-да жалпы ауданы 23111,6 ш.м. 6 жатақхана, сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамына арналған бір Ғалымдар үйі бар. Университет аумағында медициналық орталық, «Жан Шуағы» психологиялық орталығы бар.

Әрбір студенттік үйде тұруға қажетті жағдайлар жасалған, жатақхананы үйлестіру бөлімінің қызметкерлері түрлі мәдени шаралар, спорттық іс-шаралар мен жарыстар өткізеді. Мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін лифтер, пандус бар. Әрбір студенттер үйінде жабдықталған спорт залы бар. Университетте қауіпсіздік, есеп және азаматтық қорғаныс бөлімі бар. Қоғамдық тәртіпті және материалдық базаның сақталуын университеттің күзет қызметі қамтамасыз етеді.

География кафедрасында №311-аудитория Геоақпараттық жүйелер дәрісханасы, №313-аудитория Экономикалық және әлеуметтік география дәрісханасы, № 314- аудитория г.ғ.к., профессор Б.Ә.Бірмағамбетов атындағы дәрісханасы, №317- аудитория Географияны оқыту әдістемесі дәрісханасы, №319-аудитория Өлкетану және рекреациялық география дәрісханасы, № 320- аудитория Физикалық географиялық дәрісханалары бар.

#### *Практика базалары:*

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	«Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназиясы» КММ Алматы қ.	№7,17.08.2020 ж.
2	«№184 жалпы білім беретін мектеп» КММ Алматы қ.	№332, 18.02.2020ж.

### 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
<b>Оқу-әдістемелік бағыт</b>			
1	Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін, силлабустарды әзірлеу	тамыз 2023 ж.	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
2	Оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы



3	Әдістемелік семинарлар өткізу	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
4	Оқу жылында аккредиттелетін негізгі білім беру бағдарламаларын дайындау: түсіндірме жазбаларды және ББ басқа да құрылымдық компоненттерін дайындау.	жыл бойы	А.М.Калекешов
<b>Ғылыми-зерттеу бағыты</b>			
5	Шет елдердің университеттері мен ғылыми орталықтарынан ғалымдар дәрістерін оқуды ұйымдастыру, сондай-ақ оларды білім беру және ғылыми семинарлар, конференциялар өткізу үшін тарту.	жыл бойы	А.М.Калекешов
6	Шетелдік және ресейлік ұйымдармен (Web of Science, Scopus, Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі) индекстелетін ғылыми мерзімдік басылымдарда мақалаларды дайындау	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
7	Халықаралық зерттеу тобын қалыптастыру және отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен үздіксіз педагогикалық білім беру зертханасының бірлескен зерттеу жобаларын құру	жыл бойы	География кафедрасының оқытушылар құрамы
<b>Тәрбие бағыты</b>			
8	Кафедра студенттерінде белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, патриоттық сезімін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру.	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
9	Студенттердің әлеуетін және әлеуметтік жауапкершілігін ашу механизмдерін, патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділікті қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
10	Сыртқы ұйымдар өткізетін оқудан тыс жұмыстар мен жастар саясатына қатысты конференцияларға, семинарларға және басқа да іс-шараларға қатысу	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
<b>Біліктілікті арттыру</b>			
11	Біліктілікті арттыру семинарлары мен курстарын өткізу	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
12	Барлық ПОҚ біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өту	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
<b>Кәсіптік бағдар беру жұмысы</b>			
13	Университет пен мектептерде өткізілетін олимпиадаға қатысу	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы
14	Халықаралық және республикалық конференцияларға, симпозиумдарға қатысу	жыл бойы	География, Биология кафедрасының оқытушылар құрамы



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ  
Жаратылыстану институты